

**ТЕОРИЯЛЫҚ ЛИНГВИСТИКА
ТЕОРЕТИЧЕСКАЯ ЛИНГВИСТИКА
THEORETICAL LINGUISTICS**

Мақала/Статья/Article
FTAMP 16.21.31

<https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-12-23>

**Гүлфар Мәжитқызы Мамырбек¹, Жазира Досымбекқызы Тұрғынбаева^{2*},
Айнагуль Туkenовна Искалиева³**

¹филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0002-7399-2122 E-mail: gulfar76@mail.ru

^{2*} автор-корреспондент, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0003-1559-5820 E-mail: zhaz71@mail.ru

³педагогика ғылымдарының магистрі, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті, Қазақстан, Орал қ., ORCID: 0009-0007-5971-9027

**АРАБ, ПАРСЫ ТІЛДЕРІНЕН ЕНГЕН АТАУЛАРДЫҢ
ИНДИКАТОРЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ**

Андатпа. Ұсынылған мақалада қазақ тілінің лексикалық қорындағы араб, парсы тілдерінен енген атаулар тек лексикалық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар өркениеттік, рухани-мәдени, тарихи-интеллектуалдық және діни ықпалдың көрсеткіші ретінде де бағаланып талданды. Тілімізге енген араб және парсы сөздерінің индикаторлық әлеуеті айқындалып, олардың тек кірме сөз ретінде емес, белгілі бір әлеуметтік, мәдени, тарихи әрі тілдік құбылыстардың көрсеткіші ретіндегі оң және теріс ықпалы анықталды. Зерттеу барысында *индикатор* және *индикаторлық әлеует* терминдерінің тіл біліміне қатысты қолданысы мен анықтамалары шетел ғалымдары еңбектері негізінде сұрыпталып, олардың араб, парсы сөздеріне қатысты қолданылу мүмкіндіктері жүйеленді және жаңа тұжырымдар ұсынылды. Тіліміздегі араб, парсы сөздерінің діни-рухани, мәдени-этикалық, әлеуметтік-тарихи, стратификациялық, білім-ғылым, ұлттық құндылық және әдеби тіл индикаторы ретіндегі қызметі сараланып, нақты мысалдар арқылы индикаторлық мәнге ие екендігі дәлелденді. Индикатор тек көрсеткіш ғана емес, белгілі бір лингвистикалық ахуалдың жай-күйін сипаттайтын категория болғандықтан, мақалада араб, парсы сөздерінің индикаторлық әлеуетінің тіліміздегі оң және теріс ықпалы талданды. Сондай-ақ қазіргі кезеңде тіліміздегі араб және парсы сөздерінің медиалекттегі рөлі кодификацияланған тілдік норманың өзгеруіне ықпал етіп отырғаны нақты мысалдар арқылы дәйектелді.

Тірек сөздер: индикаторлық әлеует; араб, парсы сөздері; стратификация; медиалект; кодификация

Қаржыландыру көзі: Мақала ЖТН BR20280984 «Қазақ тілінің жаңғыру әлеуеті: жаңартпалар <лат.innovation>, үрдістер мен үдерістер» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

Сілтеме жасау үшін: Мамырбек Г.М., Тұрғынбаева Ж.Д., Искалиева А.Т. Араб, парсы тілдерінен енген атаулардың индикаторлық әлеуеті. *Tiltanym*, 2025. №3 (99). 12-23-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-12-23>

**Гульфар Мажитовна Мамырбек¹, Жазира Досымбековна Тұрғынбаева^{2*},
Айнагуль Туkenовна Искалиева³**

¹кандидат филологических наук, ассоциированный профессор,
Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0002-7399-2122 E-mail: gulfar76@mail.ru

^{2*} автор-корреспондент, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0003-1559-5820 E-mail: zhaz71@mail.ru

³магистр педагогических наук, Западно-Казахстанский аграрно-технический университет
имени Жангир хана, Казахстан, г. Уральск, ORCID: 0009-0007-5971-9027

**ИНДИКАТОРНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ ЗАИМСТВОВАНИЙ
ИЗ АРАБСКОГО И ПЕРСИДСКОГО ЯЗЫКОВ**

Аннотация. В предлагаемой статье арабские и персидские заимствования в лексическом фонде казахского языка рассматриваются не только в лексическом аспекте, но и как показатель цивилизационного, духовно-

культурного, историко-интеллектуального и религиозного влияния. Определён индикаторный потенциал арабских и персидских слов, выявлено их положительное и отрицательное воздействие в письменной практике не только как заимствованных единиц, но и как индикаторов определённых социальных, культурных, исторических и языковых явлений. В ходе исследования уточнены и систематизированы на основе трудов зарубежных учёных дефиниции и особенности применения терминов «индикатор» и «индикаторный потенциал» в лингвистике, а также предложены новые выводы относительно их функционирования в отношении арабских и персидских слов. В статье проанализированы функции арабских и персидских заимствований в казахском языке как индикаторов религиозно-духовных, культурно-этических, социально-исторических, стратификационных, образовательных, научных, национально-ценностных и литературно-языковых процессов. На основе конкретных примеров доказано, что данные слова обладают индикаторным значением. Поскольку индикатор является не только показателем, но и категорией, описывающей состояние определённой лингвистической ситуации, в статье проанализировано положительное и отрицательное влияние индикаторного потенциала арабских и персидских слов в казахском языке. Также на конкретных примерах было доказано, что роль арабских и персидских слов в нашем языке в медиалекте в настоящее время способствует изменению кодифицированной языковой нормы.

Ключевые слова: индикаторный потенциал; арабские, персидские слова; стратификация; медиалект; кодификация

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках программно-целевого финансирования ИРН BR20280984 «Модернизационный потенциал казахского языка: инновации, тенденции и процессы».

Для цитирования: Мамырбек Г.М., Тургынбаева Ж.Д., Искалиева А.Т. Индикаторный потенциал заимствований из арабского и персидского языков. *Tiltanyim*, 2025. №3 (99). С. 12-23. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-12-23>

Gulfar Mamyrbek¹, Zhazira Turgynbayeva^{2*}, Ainagul Iskalieva³

¹Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-7399-2122 E-mail: gulfar76@mail.ru

^{2*}Corresponding author, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0003-1559-5820 E-mail: zhaz71@mail.ru

³Master in Pedagogical Sciences, Zhanger Khan West Kazakhstan Agrarian and Technical University, Kazakhstan, Uralsk, ORCID: 0009-0007-5971-9027

THE INDICATIVE POTENTIAL OF LEXICAL BORROWINGS FROM ARABIC AND PERSIAN

Abstract. The article considers Arabic and Persian borrowings in the lexical fund of the Kazakh language not only from the lexical perspective, but also as indicators of civilizational, spiritual-cultural, historical-intellectual, and religious influence. The indicative potential of Arabic and Persian words is identified, and their positive and negative impact in written practice is revealed, not only as borrowed units but also as indicators of specific social, cultural, historical, and linguistic phenomena. In the course of the research, the definitions and features of the use of the terms “indicator” and “indicative potential” in linguistics were clarified and systematized on the basis of the works of foreign scholars, and new conclusions regarding their application to Arabic and Persian words were proposed. The article analyzes the functions of Arabic and Persian borrowings in the Kazakh language as indicators of religious-spiritual, cultural-ethical, socio-historical, stratificational, educational, scientific, national-value, and literary-linguistic processes. On the basis of concrete examples, it is demonstrated that these words possess indicator significance. Since the indicator is not only a marker but also a category describing the state of a certain linguistic situation, the article analyzes the positive and negative influence of the indicative potential of Arabic and Persian words in the Kazakh language. Furthermore, it is shown that in the modern period Arabic and Persian elements in the language, through medialect, exert an influence on the transformation of codified language norms.

Keywords: indicative potential; Arabic, Persian words; stratification; medialect; codification

Source of financing: The article was prepared as part of the program-targeted financing of the IRN BR20280984 “The Potential of Modernization of the Kazakh Language: Innovations, Tendencies and Processes”.

For citation: Mamyrbek, G., Turgynbayeva, Zh., Iskalieva, A. The Indicative Potential of Lexical Borrowings from Arabic and Persian. *Tiltanyim*, 2025. No.3 (99). P. 12-23. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-12-23>

Қысқашы

Араб және парсы тілдерінен енген кірме сөздер тіліміздің дамуында ерекше орны бар лексикалық қабат екені белгілі. Олар тек тарихи, діни немесе мәдени контексте ғана емес, қазіргі жазба тіл мен қоғамдық коммуникацияда да белсенді қолданылып келеді. Ең әуелі, араб, парсы тілдерінен енген атаулардың индикторлық әлеуеті дегеніміз не деген мәселеге арнайы тоқталайық.

Жалпы *индикатор* сөзі әлемдік лингвистикалық сөздіктерде әртүрлі салаға қатысты түрлі ұғымдарда ұсынылады. Мысалы, төрт томдық «Словарь русского языка» еңбегінде *индикатор*

сөзінің үш мағынасы берілген: 1. тех. Бақылауға алынған объектінің күйін, барысын бақылайтын құрылғы. 2. хим. Химиялық процесті анықтау үшін ерітіндіге қосылатын зат. 3. Кітаптарды есепке алуға арналған картотека (Словарь русского языка, 1985: 666).

Ал «Социологиялық энциклопедиялық сөздікте»: «Зерттеліп отырған нысанның тікелей бақылауға және өлшеуге болатын сипаты» – деп көрсетілген (Социологический энциклопедический словарь, 1998: 102). С.И. Ожегов: «Индикатор – бақыланатын қандай да бір құрылғы, элемент, объектінің күйін көрсететін құрал» – дейді (Ожегов, 1994). Экономика сөздігінде: «Экономикалық процестердің дамуын қандай бағытта күтуге болатындығын болжауға мүмкіндік беретін көрсеткіш» – делінген (Экономический словарь). Жалпы көптеген зерттеушілер *индикатор* сөзін «*indicare*» деген латын сөзінен шыққан, мағынасы «көрсету» деп түсіндіреді.

Зерттеуші Н. Рябоконт тіл білімінде қолданылатын *индикатор* ұғымын форма мен мазмұн арасындағы бір мәнді қатынастың көрінісі, яғни белгілі бір жағдайды, көңіл-күйді немесе ниетті білдіретін сөз немесе тілдік құрал, бірақ ол жай ғана белгі емес, нақты бір мағынамен тығыз байланысты көрсеткіш екенін айтқан. Н. Рябоконт өз зерттеуінде Дж. Серль, О.Г. Почепцов, Б.Н. Забавников, А.В. Уманец, М.К. Любимова тәрізді ғалымдар жіктемелерін негізге ала отырып, лексикалық, грамматикалық, семантикалық, синтаксистік және прагматикалық деңгейлердегі индикаторлар туралы мәлімет берген және тілдік индикаторларды сөйлеу тілінің негізгі құрылымдаушы элементі ретінде қарастырады да, бұл тұрғыдағы тілдік индикатор анықтамасын былай көрсетеді: «Сөйлеушінің коммуникативтік ниетін, эмоционалдық күйін және қарым-қатынасқа қатысушылар арасындағы байланыс сипатын білдіретін құрал». Позитивті реакцияға тән индикаторларға мақтау, келісу, ризашылыққа қатысты сөздерді жатқызса, негативті реакцияға тән индикаторларға сын айту, келіспеу, наразылық білдіруге қатысты бірліктерді жатқызған. Бұл индикаторлар сөйлеушінің коммуникативті ниетін және тыңдаушының қабылдауын анықтауда маңызды рөл атқарады, – деп көрсетеді (Рябоконт, 2014: 232-241).

Орыс лингвисті В. Карасиктің зерттеуінде *социолингвистикалық индекстер* (сөйлеушінің әлеуметтік мәртебесін, эмоциялық күйін, коммуникативтік ниетін білдіретін тілдік құралдар); *коммуникативтік стратегиялар* (сөйлеушінің мақсатына жету үшін қолданылатын тілдік әдісі); *дискурсивтік белгілер* (сөйлеудің құрылымы мен мазмұнын құрайтын тілдік элементтер) деген терминдер қолданылған, яғни осыларға тән индикаторлар арқылы адамның құндылықтар жүйесін, эмоционалды күйін, көзқарасын тануға болады. В. Карасик *индикатор* терминін әлеуметтік-статустық және коммуникативтік рөлдерді білдіретін тілдік элементтерді атау үшін қолданған (Карасик, 2002: 10).

Орыс тіл білімінде лингвоэкологиялық индикатор (индикаторы лингвоэкологические) деген термин бар, ол тіл мен сөйлеудің экологиялық жағдайын сипаттайтын тілдік белгілер мен көрсеткіштер дегенді білдіреді және бұл мәселе лексикалық индикатор (неологизмдер саны, архаизмдердің қолданысы), грамматикалық индикатор (грамматикалық құрылымдар мен синтаксистік нормалардың сақталуы), стилистикалық индикатор (жазу, сөйлеу мәдениетінің деңгейі), прагматикалық индикатор (коммуникативті функциялардың дұрыс орындалуы) бойынша анықталады.

Жоғарыдағы барлық анықтамаларды жинақтай келгенде, *индикатор* сөзінің мазмұны «зерттеуге немесе бақылауға алынған нысанның көрсеткішін анықтау немесе қандай да бір құбылыстың, үрдістің көрсеткіші» дегенге саяды. Ал *әлеует* – бір нәрсенің потенциалы, іске асу мүмкіндігі. Сонда біз қарастырып отырған араб, парсы тілдерінен енген атаулардың *индикаторлық әлеуеті* дегеніміз олардың қазақ тілінде тек кірме сөз ретінде емес, белгілі бір әлеуметтік, мәдени, тарихи, тілдік құбылыстардың көрсеткіші ретінде оң немесе теріс қызмет етуі. Бұл әлеуетті түрлі семантикалық әрі функционалдық топтарға бөліп, мысалдар арқылы талдауға болады. Демек, индикатор ұғымы лингвистика саласында салыстырмалы түрде жаңа сипаттағы аналитикалық категория ретінде қарастырыла бастады. Бұл ұғымды тілдік контексте қолданудың негізінде нысанды бағалау мен сипаттаудың жан-жақты қыры жатыр. Яғни индикатор тек көрсеткіш ғана емес, белгілі бір лингвистикалық ахуалдың жай-күйін сипаттайтын категория.

Материал және әдістер

Зерттеудің негізгі материалы – қазақ тілінде белгілі бір индикаторлық көрсеткішке ие болып отырған араб, парсы сөздері. Ондай сөздер тек кірме лексика ғана емес, тілімізде рухани-мәдени,

тарихи-интеллектуалдық, діни, әлеуметтік, құқықтық, тұрмыстық т.б. факторлар негізінде орнығып, жүйелі қолданысқа түскен кірме бірліктер болып табылады. Зерттеу барысында араб, парсы тілдеріне қатысты лексикографиялық дерекөздер мен талдаулар, жазба мұралар, көркем әдебиет үлгілері, баспасөз беттері мен соңғы жылдары жарыққа шыққан діни кітаптар мен діни сайттар материалдары пайдаланылды. Әдіснамалық тұрғыдан салыстырмалы-тарихи әдіс қолданылып, этимологиялық талдау жасалды, сонымен қатар сөздердің индикаторлық әлеуетін айқындауға бағытталған концептуалды-талдамалық әдіс пайдаланылды. Бұл тәсілдер араб, парсы сөздерінің тілімізде белгілі бір индикаторлық көрсеткішке ие болған қызметін айқындауға мүмкіндік берді.

Әдебиетке шолу

Қазіргі таңда орыс және ағылшын тіл білімінде тілдегі сөздердің индикаторлық әлеуеті немесе индикаторлық функциясы жаңа зерттеу нысанына айналған. Бұл мәселе орфографиялық, лексика-семантикалық, сөзжасамдық, социолингвистикалық, дискурстық, тіпті когнитивтік, лингвомәдени тұрғыдан қарастырылып келеді. Орыс тіл білімінде сөздердің индикаторлық әлеуеті, индикаторлық көрсеткіші олардың қоғамдық, әлеуметтік, мәдени ахуал туралы ақпарат жеткізу қабілетімен, сөз арқылы қандай да бір құбылысты, үрдісті, көзқарасты көрсету функциясымен байланысты талданады. Қазақ тіл білімінде бұл терминнің анықтамасы жоқ. Сондықтан мақала жазу барысында кірме сөздерге қатысты осы бағытта зерттеу еңбектерін жазған шетел ғалымдары А. Шабалин, Н. Рябоконт, В. Карасик, Л. Крысин, О. Высочина, Е. Проценко, М. Фахрутдинова тәрізді ғалымдардың еңбектері және әлеуметтік энциклопедиялық сөздіктер, түсіндірме сөздіктер пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылау

Орыс тіл біліміндегі «языковой индикатор» (тілдік индикатор, тілдік көрсеткіш) деген термин сөйлеу, жазу, сонымен қатар, мәдени, эмоционалды, әлеуметтік, коммуникативті аспектінің көрсеткіші ретінде қызмет ететін бірліктерге (сөз, грамматикалық форма, т.б.) қатысты талданады. Мәселен, Н. Рябоконт өз зерттеуінде «тілдік индикатор» түсінігін тек лексикалық, грамматикалық қана емес, сөйлеу актілерін эмоциялық, әлеуметтік-психологиялық деңгейде түсіндіруге тырысып, орыс тіліндегі позитивті және негативті индикаторларға жататын сөздерді талдаған. Осы тұрғыдан алғанда қазақ тіліндегі позитивті және негативті индикаторларға тән сөздер қатарында араб, парсы тілінен енген бірліктер де бар. Олар сөйлеушінің ниетін, тыңдаушының қабылдауын бағалауда ерекше мәнге ие (*әмин* (ар.) – дұға, тілекке қосылу мақсатындағы позитивті эмоцияны білдіру үшін айтылады; *машалла* (ар.) – мақтау, таңдану тәрізді позитивті реакцияны білдіруде қолданылады; *пәлі* (пар.) – «пах шіркін, жарайсың» деген мәнде, адамның жақсы эмоциясын білдіру кезінде қолданылады, т.б.). Бұл сөздерді тілімізде белгілі бір эмоция мен бағалауды немесе қарым-қатынас барысындағы жақсы/жаман көңіл-күй мен ниетті білдіретін индикаторлар ретінде қабылдауға болады.

Ал А. Шабалин «Средство кроссмедийной выразительности в мультимедийных проектах: экология языка в современных СМИ» деген ғылыми-зерттеу еңбегінде қазіргі таңдағы тіл мен сөйлеу өзгерістерінің басты тілдік индикаторы – медиалект – деп көрсеткен (Шабалин, 2024: 18). Медиалект орыс тіл біліміне соңғы жылдары енген жаңа термин, ол қазіргі цифрлық замандағы медиакөңістікте (интернет, әлеуметтік желілер) қалыптасқан тілдік қолданыстар жиынтығы, бұл термин медиа (ақпарат) және диалект (тілдің жергілікті немесе әлеуметтік түрі) деген сөздерден құралған. А. Шабалин кроссмедиялық (кроссмедия – ақпаратты түрлі медиаплатформа арқылы тарату) көркемдеу құралдарының да тілдік нормаға сәйкес немесе сәйкес еместігін талдай отырып, мультимедиялық құралдарды (мәтін, графика, сурет, дыбыс, бейне, аудио, интерактив (батырма, гиперсілтеме, онлайн сауалнама, пікір қалдыру функциясы, кері байланыс тетіктері) және анимация) тілдік нормаға оң немесе теріс әсер ететін басты фактор ретінде қарастырған.

Қазіргі таңда тіліміздегі араб, парсы сөздерінің медиалекттегі рөлі де кодификацияланған тілдік норманы өзгертуге ықпал етіп жатқанын жоққа шығара алмаймыз. Мәселен, 2013 жылғы Орфографиялық сөздікте *иншалла*, *астапыралла* түрінде нормаланған сөздер медиалектте *ин ша Аллах*, *иншаа Аллах*, *иншаллах*, *астағфируллаһ* тәрізді нұсқаларда жазылып жүр. Бұл үрдіс жазарманның діни ұстанымын көрсетеді. Яғни бұндай тілдік қолданыстарды мәдени және діни таным индикаторы ретінде бағалауға болады. Сонымен қатар соңғы кездері араб, парсы сөздері

арқылы сайт, блог, телеграм канал т.б. аттарын беру үрдісі де қоғамдағы медиалект ерекшелігінің айқын көрінісі болып табылады. Себебі:

- креативті атау жасау (*hikmet.kz, iman.kz, ummet.kz, muftyat.kz* т.б.) белгілі бір семантиканы және мәдени жүктемені арқалайды;

- мұндай атаулар руханият, мораль контекстеріне бағытталады;

- мұндай атаулар тек сөз ғана емес, идентификация құралы ретіндегі кодтық қызметке ие болады;

- мұндай атаулар медиалекттік дискурста семантикалық және лингвомәдени индикатор қызметін атқарады;

- бұлай жазу тек орфографиядағы фонетикалық айырмашылық қана емес, жазарманның рухани-этикалық ұстанымдарының тілдік көрінісі болып табылады.

Демек, кейбір араб, парсы сөздері медиалект арқылы жаңаша интерпретацияға ұшырап, кодификацияланған тілдік нормаларға ықпал етіп жатыр деп айта аламыз.

Жалпы қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің индикаторлық әлеуетін жеті топқа бөле отырып, оның оң және теріс жақтарын былайша бағамдаймыз:

1. *Діни-рухани индикатор*. Тіліміздегі араб, парсы тілінен енген діни сөздердің молдығы тек тілдік құбылыс емес, белгілі бір тарихи кезеңдегі ислам өркениетінің ықпалын көрсететін діни-рухани индикатор. Яғни тарихи кезеңдегі рухани бағыттың шынайы көрінісі. Тіліміздегі діни сөздердің басым бөлігі араб, парсы тілдерінен енгені мәлім. *Құран, ораза, намаз, молда, мешіт* т.б. сөздер қазақ қоғамының исламдану кезеңінің көрсеткіштері. Ал мұның тілдік тұрғыдан қандай теріс жақтары болды? Атап айтқанда:

- діни дискурста төл ұғымдар ығыстырылды: *жаратушының* орнына *Алла, Құдай, тілектің* орнына *дұға, құлшылық – гибадат, ауызашар – ифтар, Алла қаласа – иншаллаһ, тамаша, керемет, бәрекелді – машаллаһ* т.б.;

- діни санадағы араб, парсы тілінің үстемдігі кірме сөздерге қазақша балама ұсыну жолын тежеді;

- діни санадағы араб, парсы тілінің үстемдігі баламасы бар қазақ сөздерін ығыстырды:

- діни мәтіндердің аудармалары немесе қазақша ұғыммен берілуі қазақ тілінің синтаксистік әрі стилистикалық құрылымына жат тіркестер қалыптастырды: *орамалға келу, намаздығын тастамау* т.б.

Дегенмен араб, парсы сөздерінің діни-рухани индикатор ретіндегі қызметін толықтай теріс құбылыс ретінде бағалауға болмайды. Себебі исламдық терминология мен лексика қазақ тілінің лексикалық қорын байытып, дін мен мәдениет байланысын орнықтырғанын жоққа шығара алмаймыз. Дегенмен қазіргі таңда бұндай кірме сөздерді дұрыс қолданып, оларды неғұрлым қазақша баламаларымен айту мәселесі дін өкілдері тарапынан дұрыс көтеріліп жүр.

Осыған байланысты «Айқын» газетінде еліміздің Бас мүфтиі Наурызбай қажы Тағанұлының арнайы үндеуі жарияланған болатын. Үндеуде: «Жастарды діни терминдерді қазақша айтуға шақырамын. Өкінішке орай, кейбір жас буын өкілдерінің *ауызашарды – ифтар, сәресін – сухур* деп айтып жүргені көңілге қаяу түсіреді, Сан ғасырдан бері мұсылмандық жолды ұстанған ата-бабаларымыз *ауызашар, сәресі* деген сөздерді қолданған. Біз де бабалар жолын ұстанған ұрпақ ретінде өзге тілден енген діни терминдерден барынша аулақ болып, өзіміздің ата-бабамыздан қалған жақсы сөздерді қолданып, өзіміздің ана тілімізге құрмет көрсетіп, қазақша сөйлеуге тырысайық» – делінген (Бас мүфти, 2025). Бұл мәселенің ресми дін өкілі тарапынан айтылуы тіл тазалығы үшін және діни терминдердің төл тілдегі баламаларын тұрақтандыру үшін аса маңызды. Себебі, қазіргі таңда жастар діни білімді негізінен арабша оқулықтар мен шетелдік ақпарат көздерінен алуда. Бұл жағдай төл сөздерді ығыстырып, арабша түпнұсқаның орнығуына ықпал етеді. Наурызбай қажы Тағанұлының ресми үндеуі діни лексика туралы ғана емес, жалпы ана тіліне деген құрмет пен ұлттық бірегейлікті нығайтуға бағытталған.

Қазіргі таңда тілімізде қолданылып жүрген діни сөздерді үлкен екі топқа бөлуге болады:

1. Бұрыннан қолданыста жүрген сөздер;

2. Егемендік алғаннан кейінгі кезеңдерде қайта жаңғырған діни атаулар.

Екінші топқа *арафа* (құрбан айттан бір күн бұрын болатын арафа түні), *асхаб* (Мұхаммед пайғамбар ғ.с. серіктері, сахабалар), *азәзіл* (шайтан, азғырушы), *әзірейіл*, (төрт періштенің бірі),

алхамдулиллаһи (Аллаға шүкір, Аллаға мадақ), *ғарасат* (қиямет күні жиналатын алаң), *ғұсыл* (шариғат бойынша жыныстық қатынастан кейін ерлі-зайыптылардың дәрет алып, денені толықтай жуынуы), *жәбірейіл* (төрт періштенің бірі), *зәмзәм* (Меккедегі қасиетті зәмзәм құдығы, соның киелі суы), *имам ағзам* (мұсылман дініндегі төрт мазһабтың бірі), *исрафил* (төрт періштенің бірі), *ихрам* (қажылықта киетін киім), *кәусар* (жұмақтағы бұлақтың аты), *кәлима шаһадат* (Алла тағала мен оның елшісі Мұхаммедке куәлік білдіретін сөз: «әшһәду ән лә иләһә иллаллаһу уә әшһәду әннә мұхаммадан абдуһу уә расулуһу – Алладан басқа құдай жоқ Мұхаммед оның құлы және елшісі екеніне куәлік етемін»), *қағба* (Меккедегі құлшылық орны), *қари* (құранды толық жатқа айтатын адам), *қирағат* (құранды ырғағымен, әуенімен жатқа айту), *құтпа* (некелесуге разылық беру үшін оқылатын дұға), *ләйләтул қадыр* (Қадыр түні), *мазһаб* (діни ағым), *махшар* (қиямет күні өлгендердің қайтадан тіріліп жиналатын және олардың күнәларын тексеретін жер), *машалла* (таңқалғанда немесе тіл-көзден сақтасын деген ниет білдіргенде айтылатын сөз), *мәлак* (періште), *мәләйік* (періштелер), *мәкрук* (шариғат бойынша құпталмаған, мақұлданбаған, жиіркенішті нәрсе), *мәуліт* (Мұхаммед пайғамбардың туған күні болып есептелетін діни мейрам), *михраб* (мешітте имам тұратын орын), *мекайл* (төрт періштенің бірі), *мүмін* (ислам дінін ұстанушы), *мұңкір* (өлгендердің күнәсін қабірде тексеретін періштенің аты), *мүшірік* (Аллаға серік қосушы), *миғраж* (Мұхаммед пайғамбардың көкке көтеріліп, Алламен жүздесуі), *нәби* (пайғамбар), *нұңқұр* (өлгендердің күнәсін қабірде тексеретін періштенің аты), *пәтуа* (шариғат негізінде мүфти шығаратын үкім), *пидия* (өлген адамның күнәсін молдаға сатып күнәдан құтқару), *пітір* (ораза кезінде үлестіретін садақа), *раббы* (билеуші деген ұғымды білдіретін Алла тағаланың теңеуі), *ракағат* (намаздың бөлігі), *расул* (Мұхаммед пайғамбардың теңеуі), *рүкүғ* (намаз оқығанда тізеге қолды қойып еңкею), *салауат*, *сауап*, *сахаба* (Мұхаммед пайғамбардың көзін көрген серіктері, мұсылман дінін таратуға атсалысқандар), *сәжде* (маңдайын жайнамазға қойып, құлшылық ету), *сәресі*, *Сұбхан Алла* (Аллаға мадақ; араб тілінде йа шылауымен бірге келгенде таңдануды, қорқуды білдіреді), *сүндет* (Мұхаммед пайғамбар құптаған дұрыс әрекеттер, жағымды қасиеттер), *сүнни* (төрт мазһаб ханафи, мәлики, шафиғи, ханбали мұсылмандары, осы төрт мазһаб көрсеткен діни ережелер мен заңдылықтарды орындайтындар, сүннилер), *дажәл* (ақырзаман болғанда шығатын аждаһа), *тайаммом* (сусыз топырақпен, құммен дәрет алу), *тақуа* (дін жолын қатты ұстанушы), *таупиқ* (қанағат, ынсап), *уағыз* (дінді насихаттау, үйрету), *уажип* (шариғатта орындалуы қажет деп табылған діни міндеттер), *үмбет* (мұсылман дінін қабылдаушылар), *фақиһ* (шариғат заңының білгірі), *фатиха* (Құранның бірінші сүресі), *Хауа* (Адам атаның қабырғасынан жаратылған бірінші әйел кісі), *хижаб* (мұсылман әйелдері бетке тұтатын перде), *хижра* (Мұхаммед пайғамбардың 622 жылы Меккеден Мәдинаға көшкен жылы; мұсылманша жыл санау есебі), *шейіт*, *шаһид* (дін үшін күресте қайтыс болу, қаза табу), *шиит* (ислам дінінің шиға бағытын ұстанушылар (ислам діні екі үлкен топқа бөлінеді: сүнни және шиғи) сияқты сөздер жатады. Бұл сөздер діни-рухани индикатор ретінде діни сана-сезімнің, құндылықтар жүйесінің мәдени сәйкестіктің көрсеткіші болып отыр.

2. *Мәдени-этикалық индикатор*. Араб, парсы сөздері мәдени индикатор ретінде халқымыздың мәдени болмысын, менталитетін, ұлттық құндылықтарын да көрсете алды. Мысалы, *инабат* сөзі «адамгершілік, әдеп, ізет» деген мағынаны білдіретін араб сөзі. Бұл ұғым *инабатты* деген нұсқада қазақ қоғамында қыз баланың тәрбиесіне, үлкенді сыйлауға қатысты айтылатын мәдени құндылықты білдіреді. *Инабатты қыз*, *инабатты келін* деген тіркестер қазақ мәдениетінде қыз тәрбиесіне ерекше мән берілгенін көрсетеді. Яғни халықтың этикалық нормалары, әйел затына деген құрметі, мінез-құлық мәдениеті осы сөз арқылы көрініс тапқан.

Немесе *хал* деген араб сөзін алайық. Хал сұрау – қазақ халқындағы амандасу мәдениетінің басты бөлігі. Бұл сөз арқылы адамдардың бір-біріне деген жанашырлық, қамқорлық қатынасы көрінеді. Яғни тілдік жағынан қарапайым болғанымен, мәдени индикатор ретінде хал-жағдай сұрау – қазақы этикеттің, қарым-қатынас әдебінің айқын көрінісі болып табылады.

Сабыр сөзі «төзім, шыдам, шыдамдылық» деген мағынаны білдіретін араб сөзі. Қазақ тіліндегі «Сабыр түбі – сары алтын» деген мақал, қазақ менталитетіне тән ұстамдылық мәдениетін сипаттаса, «барға шүкір ету» ұғымындағы *қанағат* сөзі «Қанағат – қарын тойғызар» деген мақал құрамында жұмсалып, рухани кемелдікті білдіретін сөз ретінде орныққан.

Сондай-ақ *ғибратты әңгіме*, *ғибрат алсын* тіркестерінде кездесетін *ғибрат* сөзі тәлімдік, тәрбиелік мазмұнның көрсеткіші ретінде қолданылып келеді.

Ал мейірімділік пен адамгершілікті сипаттау үшін *рақымы түсу*, *рақым ету* тіркестерінің құрамындағы *рақым* сөзі қолданылады. Бұндай сөздер қазақ дүниетанымына бейімделіп, ұлттық этика мен тәрбиенің көрінісі ретінде мәдени тілдік функция атқарады.

Мәдени-этикалық индикатор ретіндегі араб, парсы сөздерінің әлеуметтік және тілдік тұрғыдан қандай теріс жақтары бар? Атап айтқанда:

- *күнә*, *харам*, *тозақта күйесің*, *жаһаннамға барасың* тәрізді қатал діни нормалардың қазақ руханиятына қарама-қайшы әсері;
- дәстүрлі мәдени сананың әлсіреуіне әсер етуі (*хиждаб*, *пәренжі*, қара киім кию т.б.);
- қоғамдағы діндарлар мен халық арасында лексикалық алшақтықтың пайда болуы, яғни *аға* демей *аһи* деу, *Алла* демей *Аллаһ* деу т.б.;
- дәстүрлі қазақ мәдениеті мен діни ұстанымның арасында алшақтықтың орын алуы.

3. *Әлеуметтік-тарихи индикатор*. Халықтың материалдық мәдениетінен, қоғамдық өмірінен, тұрмысынан ақпарат беретін араб, парсы сөздері аз емес. Мәселен, *шаһар* деген парсы сөзі Қазақстанның ортағасырлық қалалық мәдениеті мен сауда, қолөнер саласының дамыған кезеңін білдіреді.

Сондай-ақ парсы тілінен еніп, күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан *базар* сөзі қазақ даласында ерте кезеңдерде сауда мен тауарды айырбастау мәдениетінің болғандығын айғақтайды.

Немесе *дәулет* сөзінің бірнеше мағынасы бар: 1. Мемлекет, билік (ар.); 2. Үстемдік (ар.); 3. Бақ, бақыт (пар.); 4. Байлық, дүние-мүлік (пар.). Қазақ қоғамында бұл сөз әуел баста тек материалдық игілік емес, әлеуметтік мәртебе, билікпен байланысты мағынада қолданылды. Хан-сұлтандардың ресми іс-қағаз үлгілерінде, патша, император аттарына жолдаған хаттардың барлығында әмірші, билік иесі деген ұғымды білдіретін *дәулетлу* сөзі міндетті түрде жазылатын болған. Мысалы: *Ғиззатлу хұрметлу уа меруертлу уа дәулетлу уа шаукетлу уа барчаға рахымлы* (1745 жылы Абылай сұлтанның Сібір губернаторына жазған хаты); *Сіз дәулетлі падишаһ хазретінің мархамат хатлары бізім қырғыз иұртына* (1785 жылы кіші жүз старшиналарының II Екатеринаға жазған хаты). Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздері әлеуметтік-тарихи индикатор ретінде халықтың саяси, рухани, мәдени өміріне қатысты құнды мәлімет беретін дереккөз. Десек те, мұның қандай теріс жақтары болды? Атап айтқанда:

- *дәулетлу*, *ғиззатлу*, *шаукетлу* тәрізді сөздер әлеуметтік теңсіздікті тіл арқылы нығайтты;
- ресми іс-қағаздары мен дипломатиялық хаттар араб, парсы сөздері арқылы жазылып, қазақ тілінің мемлекеттік және заңдық функциясын тежеді;
- тарихи тұрғыдан араб, парсы сөздерінің үстем қолданылуы қазақ тіліндегі әкімшілік, саяси, қоғамдық терминдердің қалыптасуын баяулатты.

4. *Стратификациялық индикатор*. Стратификация – қоғамдағы әлеуметтік топтар арасындағы билік, мәртебе, бедел, лауазымды білдіретін тілдік құбылыс. Қоғам ішіндегі әлеуметтік жіктелуді (стратификацияны) білдіретін араб, парсы сөздері аз емес. Ондай сөздер белгілі бір әлеуметтік топтарға тән болып, стратификацияны білдіруде ерекше рөл атқарған. Мысалы, араб тілінен енген «дауға төрелік айтушы» деген ұғымды білдіретін *қазы* сөзі қазақ қоғамында әділ төрелік айтатын адамға қатысты қолданылған. Бұл сөз беделді әрі заң бойынша үкім ететін әлеуметтік топты сипаттайды. Немесе парсы тілінен енген билеушінің титулын білдіретін *хан*, *сұлтан* сөздері басқарушы элитаны білдірсе, *имам*, *мұфти*, *молда*, *хазірет* тәрізді сөздер діни мәртебені көрсетеді. Ертеректе «құрметті, асыл, текті» деген ұғымда арабтың *шариғ* сөзі актив қолданылып, адамның әулеттік абыройын көрсететін тілдік көрсеткіш ретінде жұмсалды. Сол сияқты *тақсыр* сөзі де қазақ хандығы мен Ресей патшалығы тұсында лауазымды тұлғаларға қолданылып, құрмет білдіру формасы ретінде орнықты. *Сейіт* сөзі пайғамбар ұрпағына қатысты айтылып, тектілікті білдіретін лексикалық бірлік болды. Демек, араб, парсы сөздері де әлеуметтік стратификацияны айқындайтын маңызды индикаторлар қатарына жатады және олардың стратификациялық индикатор ретіндегі қызметі тек тарихи, мәдени маңызға ғана ие болмай, қоғамдық сана мен әлеуметтік қатынастарға да әсер етті. Олар стратификацияның лексикалық көрсеткіштері ретінде адамның қоғамдағы орны мен мәртебесін және әлеуметтік беделі мен лауазымын білдірді. Яғни қоғамдағы әлеуметтік жіктелудің тілдегі көрінісіне араб, парсы сөздері негізінде көптеген мысалдар көрсетуге болады. Ал қоғамдағы стратификация тікелей тіл арқылы ғана көрінеді. Енді бұл мәселеде қандай теріс жақтар орын алды? Атап

айтқанда:

- төл сөздерге қарағанда араб, парсы сөздері қазақ қоғамындағы басқару жүйесі мен билікті заңдастыру құралына айналды;
- көне дәуірден бері қолданылған төл түркі сөздерін араб, парсы атаулары ығыстырды: *хан*, *сұлтан* (қаған, бек), *үкімет* (төр), *мемлекет* (қағанат), *әскер* (түмен) т.б.;
- қара халық пен әлеуметтік топтар арасындағы алшақтық араб, парсы сөздері арқылы бөлінді;
- белгілі бір элитаға ғана қатысты қолданыс қарапайым халықтың әлеуметтік мәртебесін төмендетті;
- тек беделді, бай, діни элитаға ғана тән сөздермен кез келген адамды атауға тосқауыл қойылды.

5. *Білім-ғылым индикаторы.* Бұл топқа жататын сөздер қоғамның интеллектуалдық деңгейін, рухани дүниетанымын, білім беру жүйесін, ғылыми деңгейін білдіреді. Араб, парсы сөздері діни және зайырлы білім беру институтының, тағылым мен тәрбиенің индикаторлық көрсеткіші бола алды. Орта ғасырлардан бастап мұсылмандық әлеммен бірге дамыған қазақ қоғамындағы медреселер мен ғылыми-тәрбиелік институттар білім мен ғылымға қатысты терминологиялық қорды қалыптастырды. *Ақыл, пәлсапа, ғылым, ғалым, дәріс, пән, тағылым* тәрізді т.б. көптеген сөздер осының айғағы. *Ғылым, ғалым* деген сөздің өзі араб тілінен еніп отыр. Білім беру процесінің басты тұлғасы болып танылатын *мұғалім* сөзі *үйретуші, оқытушы* тәрізді қазақтың төл сөздерін басып озып, ресми терминге айналды. *Мұғалімге* қарағанда жоғары сипатқа ие *ұстаз* сөзі рухани әрі үлгілі жетекші ұғымында жұмсалады. *Пән* сөзі мектеп бағдарламасындағы оқыту жүйесінің құрылымдық сипатын танытады. Бұндай сөздер тіпті қазақ қоғамындағы алғашқы білім берудің мазмұнын, құрылымын, бағыт-бағдарын да сипаттап берді. *Хикмет, ілім, гибрат* тәрізді сөздер дүниетанымдық және интеллектуалдық мазмұнды көрсетіп, қазақ тіліне жаңа ұғымдарды қосты.

Ал мұның теріс жағына қазақ тіліндегі оқу-білімге қатысты базалық терминдердің басым бөлігін төл сөздеріміз емес, араб, парсы сөздері иемденгенін жатқызуға болады: *ғылым, мұғалім, пән, тәрбие, ұстаз, хикмет, ақыл, кітап, дәптер, мектеп, дәріс, тағылым* т.б. Демек, білім мәдениетінің тұрақты лексикасы ретінде алдыңғы орынға араб, парсы сөздері шықты деуге болады.

6. *Ұлттық құндылық индикаторы.* Ұлттық құндылықтар – белгілі бір ұлттың арғы ғасырдан бері қалыптасқан және ұрпақтан ұрпаққа берілетін рухани, моральдық, әлеуметтік нормалары мен ұстанымдары. Олар сол ұлттың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілдік және ұлттық мәдени кодды айқындайды. Араб, парсы сөздері халықтық ұғымдармен ұштаса отырып, ұлттың дүниетанымын, адамгершілік қағидаттарын білдіретін көрсеткіштік қызметке ие болды. Мысалы, *парыз, шүкір* сөзі мораль кодексінің өзегі болса, *сауап* – жақсылық жасау мәдениетінің этикалық өлшемі т.б. Демек, араб, парсы сөздері қазақ моральдық жүйесін тіл арқылы құрылымдауға ықпал етті, моральдық-ұлттық ұғымдарды тілдік деңгейде бекітті.

Ұлттық құндылықтар мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер құрамынан да көрініс тауып отыратыны мәлім. Сенім мен жауапкершіліктің коды ретінде қолданылатын *аманат* сөзі «аманатқа қиянат жасамау» деген тіркес негізінде рухани-адамгершілік нормасы ретінде бекіді.

Құдалық рәсімі кезінде немесе басқа да жағдайларға қатысты қолданылатын *кәде*, «сыйлық, сый-сияпат көрсету» деген мағынаны білдіретін *хәдие* деген араб тілінен енген сөз. Қазіргі таңда бұл сөздің мағынасы кеңейіп, рәсімдік сыйлық, символдық белгі ұғымдарын да білдіреді. Кәде арқылы адамдар бір-біріне құрмет көрсету, сыйласу мәдениетін сақтайды. Кәде – сыпайылық, татуластық ара-қатынасын нығайтатын құрал ретінде де қызмет атқарады. Бұндай сөздер ұлттық мәдениетпен біте қайнасып, бүгінге жетіп отыр. Яғни араб, парсы сөздерінің ұлттық құндылық индикаторы ретіндегі функциясы:

- ұлттық тәрбие жүйесінің тіліне айналуынан;
- қазақ менталитетін кодтайтын сөздер енгізуінен;
- құндылықтарды жеткізетін тілдік құрал болуынан айқын көрінеді.

Десек те, мұның теріс жағына араб, парсы моральдық терминдерінің қазақтың салт-дәстүр мен әдет-ғұрпымен қайшылыққа түсуін жатқызуға болады. Мысалы: *ата-баба аруағына сыйыну*,

келіннің сәлем салуы тәрізді дәстүрлердің *бидғат, ширк, күнә* ретінде қабылдануы т.б.

7. *Әдеби тіл индикаторы.* Араб, парсы сөздері жазба әдеби тілді қалыптастыру мен дамытуда айтарлықтай рөл атқарды. Олар тек лексикалық тұрғыдан ғана емес, стильдік (көркемдік-эстетикалық, поэтикалық тәсіл, синонимдік қатар т.б.), терминологиялық (діни, ғылыми, мәдени т.б. терминдер), концептуалдық (жаңа ұғымдар мен дүниетанымдық категория атаулары) деңгейде әдеби тілді байытты. Ал араб, парсы сөздерінің тілдік норманы қалыптастырудағы индикаторлық әлеуеті қандай болды? Бұл мәселені қазақ тілінің орфографиялық, грамматикалық, морфологиялық жүйесіне әсері арқылы анықтауға болады. Атап айтқанда:

- қосымшалар арқылы туынды сөз жасалып, сөзжасамдық үлгілері нормаланды: *адам – адамдық, ғашық – ғашықтық, сабыр – сабырлы, тәрбие – тәрбиелі* т.б.;

- қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына фонетикалық тұрғыдан бейімделіп, нормаланды: *мадраса емес медресе, мәсжид емес мешіт, мөһр емес мөр* т.б.

Десек те, теріс жағына араб, парсы сөздерінің күні бүгінге дейін ала-құла жазылу үрдісінің жалғасып келе жатқанын жатқызуға болады.

Орыс тіл білімінде кірме сөздер мәдени экспансия мен өркениетаралық әсерді білдіретін тілдік индикатор ретінде қарастырылып, әртүрлі топтарға бөлінеді. Мәселен, француз тілінен енген сөздер ақсүйектік мәдениеттің, ағылшын тілінен енген сөздер жаһандану мен батыстық құндылықтардың, арабша терминдер діндарлар тілінің, ағылшын неологизмдері мен сленгтер жастар тілі мен субмәдениетінің индикаторы ретінде сипатталады.

Жалпы ғалымдар кез келген тілдегі кірме сөздерге қатысты түрлі ғылыми тұжырымдар ұсынады. Мәселен, Л. Крысин кірме сөздерді тілдік жүйедегі фонологиялық, семантикалық, лексикалық араласудың нәтижесі ретінде қарастырады (Крысин, 2004: 9), О.Высочина: «Шеттілдік сөздер тілдік жүйеге үш негізгі этап арқылы сіңеді: жаңа тілге ену, жалпы лексикасына ену, формалық және семантикалық адаптация» (Высочина, 2002: 31) – деп көрсетеді.

Орыс ғалымдары кірме сөздердің ХХІ ғасырда орыс тіліне ену үрдісінің жаңа сипаттағы ерекшеліктері бар екенін атап көрсетеді:

- 1) әлемдік тілдік кеңістіктегі өзара ықпалдастықтың күшеюі мен лексика көлемінің ұлғаюы және қазіргі таңдағы кірме сөздердің басым бөлігі ағылшын тілі арқылы еніп жатқандықтан, ағылшын тілінің тіларалық үстемдігі негізінде тіл дереккөзінің бірізденуі;

- 2) шеттілдік сөздердің сөйлеудің әртүрлі жанрлары мен стильдеріне белсенді енуі;

- 3) шеттілдік сөздердің тілге ену арналарының өзгеруі, қазіргі таңдағы БАҚ құралдары мен интернет желісінің шеттілдік сөздерді «көшіру» тетігіне айналуы;

- 4) шеттілдік сөздерді ассимиляциялау процесінің күшеюі, тіл жүйесінде де, сөйлеу деңгейінде де тез игерілуі (Проценко, 2012: 216).

Тарихи кезеңдерде араб, парсы сөздерінің тілімізге ену үрдісі де осындай үстемдік пен ерекшелікке ие болды. Атап айтқанда:

- 1) ХХ ғасырдың басына дейін араб, парсы сөздері ғылым мен дін, мәдениет пен әдебиет саласына ерекше ықпал ете отырып, өз дәуірінде «халықаралық тілдің» негізгі дереккөзі болды;

- 2) араб, парсы сөздері жазба әдебиет пен діни шығармалар арқылы еніп, тек жекелеген сөздерді ғана емес, араб, парсы тіліндегі тіркестер мен сөйлемдерді қолдану сауаттылықтың белгісі ретінде танылды.

Ал қазіргі ХХІ ғасыр контекстінде бұл жаңа сипатқа ие болып отыр. Атап айтқанда:

- 1) ислам дініне деген бетбұрыстың діни білім мен діни терминологияның жандануына ықпал етуі;

- 2) тілімізде бар сөздердің медиакеңістікте белсенді қолданысқа ене бастауы (*халал, харам, сахаба, ухи, сүннет, мәуліт* т.б.);

- 3) виртуалды кеңістіктегі діни, рухани контент негізінде кодификацияланған нормаларға балама нұсқалардың пайда болуы: *Алла – Аллах, Қадыр түні – Ләйләт-ул-Қадыр, Алланың елшісі – Расул Аллах* т.б.;

- 4) кірме сөздердің түрлі стильдік тұрғыдан жандануы: *Алла разы болсын; суннаға қайшы; халал ризық берсін; харамнан сақтан* т.б.

Орыс зерттеушілері қазіргі таңда еніп жатқан ағылшын сөздері орфографиялық тұрғыдан

нормаланбай тұрып, бірінші семантикалық тұрғыдан игеріліп жатқанын айтады. Соның салдарынан бір сөздің бірнеше нұсқада жазылуы орын алған: *дистрибьютер, дистрибутер, дистрибьютор; бейдж, бедж*. Мұны сөздердің фоно-орфографиялық бейімделу барысындағы транскрипциямен байланысты мәселе ретінде қарастырған (Фахрутдинова, 2019: 251).

Фоно-орфографиялық бейімделу дегеніміз кез келген тілге енген шеттілдік сөздердің қабылдаушы тілдің дыбыстық (фонетикалық) және жазу (орфографиялық) жүйесіне сәйкес өзгеруі. Қазақ тіліне енген араб, парсы сөздерінде бұл үрдіс қалай жүзеге асты?

Жалпы араб жазуы қолданыста болған уақытта араб, парсы сөздері түпнұсқа принциппен, яғни араб тілінде қалай дыбысталып жазылады солай өзгеріссіз таңбаланып жүрді, тіпті ауызекі сөйлеу тілінде әбден игеріліп, еніп кеткен сөздердің өзі де түпнұсқа принциппен жазылды. Бұл үрдістің қалыптасу себебіне қатысты Х. Досмұхамедұлы қазақтың балалары ноғай, сарт мектеп-медреселерінде оқығандықтан, ол жердегі ұстаз-молдалар араб, парсы сөздерінің дыбысталымын бұзып айтуды күнәға байлатындығымен байланыстырады. Яғни медреседегі молдалар араб және парсы сөздерін түпнұсқа тілдегі тұрпатымен бірдей етіп бұлжытпай таңбалауды жазу арқылы қалыптастырған. Сондықтан тілімізге енген араб, парсы сөздері Қазан мен Бұхара арқылы өзгеріссіз еніп кеткен (Досмұхамедұлы, 1991: 92-93).

А.Байтұрсынұлы бастапқы кезде кірме сөздердің түпнұсқа принциппен таңбалануын қолдағанмен, кейіннен ол пікірінен бас тартып, тілімізге икемделген нұсқамен жазуды дұрыс деп таныған болатын.

XX ғасырдың басында араб, парсы сөздерін қалай жазамыз деген мәселеде үлкен талас болды. Қазақ оқымыстыларының бір тобы бұрыннан келе жатқан дәстүрді бұзбай түпнұсқа принциппен таңбалау қажет десе, екінші тобы ауызекі сөйлеу тілімізге икемделген нұсқасын жазба тілге ендіру керек деген ұстанымда болды. Қазақ оқымыстыларының басым бөлігі араб, парсы сөздерін қазақша икемделген формасымен жазу қажет деп таныды. Қазақ журналистикасының негізін қалаушы Д. Сұлтанғазин қазақ тіліндегі «бөтен жұрттың сөздері» қаншама ғасырдан бері тілімізге еніп кеткендіктен, ауызекі сөйлеу тіліміздің дыбыстық заңдылығына лайықталып өзгергенін айта отырып, оларды араб, парсының грамматикалық заңы бойынша жазбау керек, егер олай жазсақ қазақ тілінің табиғатын бұзып, ерсі болып тұрады, – деп тұжырымдаған болатын (Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер, 1993: 44-48).

Қазіргі таңдағы бір емес бірнеше нұсқада таңбаланып жүрген араб, парсы сөздері қалай пайда болды, оның себебі неде деген мәселеге тоқталайық. Бұның бірнеше себебі бар. Атап айтқанда:

1) кирил әліпбиіне көшкенде араб, парсы сөздерін транскрипциялаудың бірізді принципі болмағандықтан, әркім әртүрлі нұсқада жаза бастады. Мысалы, *ғарасат* деген сөздің *ғарәсәт, арасат; зейнет* деген сөздің *зинат, зинет, зеннет, зиннәт; әліп* деген сөздің *алиф, алиф, әліф* формалары пайда болды;

2) араб жазуында дауысты дыбыстар жасырын тұрады, соған байланысты транскрипциялау кезінде, дауысты дыбыстарды әркім әртүрлі оқығандықтан фонетикалық варианттар пайда болды. Мысалы: *әзиз/азиз, жәннат/жаннат/жәннат; бисмилла/бісмиллә/пісмилла* т.б.;

3) араб, парсы және қазақ тілдерінің фонетикалық жүйелерінде айтарлықтай айырмашылық бар, яғни сөздің дыбысталуы әртүрлі. Мысалы, *астапыралла* деген сөз араб тілінде *астағфир алаһу*, соңғы жылдары шығып жатқан қазақша діни кітаптарда *астағфируллаһ* деген вариант қолданылып жүр.

Осылай әртүрлі жазылып жүрген кірме сөздер аз емес. Бұларды кодификациялау мәселесі үнемі орфограф ғалымдардың назарында болуы қажет. XX ғасырдың 70-80-ші жылдары ғалым Нұртас Оңдасынов қазақ тілінде төрт жүзден аса араб элементтерінің орфографиясын анықтап шығып, олардың жүйесіз, бірнеше вариантта таңбаланып жүргеніне назар аударды. Ғалым: «Олардың шұбарлығы соншалық, оның себебін ашуға кісінің ақылы жетер емес» – деген пікір білдірген болатын. Сол кездегі жазба коммуникацияда *тасбих* сөзі жиырма нұсқада, *иждихат* сөзі он екі, *ілтипат* сөзі сегіз, *гиврат* жеті, *әрекет* алты, *қауіп* бес, *ұждан* төрт түрлі вариантта жазылғанын мысал арқылы дәлелдеген болатын (Оңдасынов, 1984: 4).

Алайда содан бері қаншама жыл өтсе де араб, парсы тілінен енген бір сөзді әртүрлі вариантта жазу күні бүгінге дейін жалғасып келе жатыр. Жазба коммуникациядағы бұндай шұбарлық, яғни

ала-құлалық халықтың жазу мәдениетін төмендететін құбылыстың бірі болып танылады. Демек, әртүрлі нұсқада жазылып жүрген араб, парсы сөздерін тілдік нормадағы тұрақсыздықты көрсететін *индикаторлық белгі* дей аламыз. Оны реттеу үшін мына мәселелер назарда болуы керек:

- 1) жазылым тұрақтылығы – варианттардың ішінен қай нұсқаның жиі жазылатынын анықтау;
- 2) кодификациялық растау – ортологиялық құралдар арқылы реттеу;
- 3) семантикалық дербестік – варианттар арасында мағына айырмашылығы бар-жоғын анықтау;
- 4) қоғам қабылдауы – оқырмандар мен жазармандар арасында қай нұсқаның кең қолданыста екенін анықтау.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, араб, парсы сөздерінен енген атаулар сөздік қорымызды лексикалық тұрғыдан байыту құралы ғана болған жоқ, тілдік индикаторлар ретінде де ерекше қызмет атқарды. Араб, парсы сөздерінің тілімізге ену үрдісінің тарихи-мәдени негізі ислам дінінің таралуымен және әдебиет пен ғылымның дамуымен тығыз байланысты. Олар діни, философиялық, моральдық, этикалық ұғымдарды білдіріп, халықтың рухани санасын қалыптастыруда елеулі рөл атқарды. Сонымен қатар құқық, қоғамдық құрылым, білім, медицина, өнер және әдебиет салаларына қатысты атаулар арқылы қазақ халқының өркениеттік бағдары мен мәдени даму деңгейін көрсететін маңызды көрсеткішке айналды. Демек, тіліміздегі араб, парсы қабаты индикаторлық әлеуеті жоғары тілдік бірліктер болып табылады. Олар тілімізге ену барысында халқымыздың рухани байлығын, мәдениетін, білім мен ғылымға деген көзқарасын да айқындады және қазақ әдеби тілінің дамуына да ықпал ете отырып, сөздік қордың кеңеюіне себепкер болды.

Әдебиеттер

- Бас мүфти діни сөздерді қазақша қолдану қажеттігін еске салды // «Айқын» газеті, 25 ақпан, 2025 ж.
- Высочина О. Понимание и адаптация иноязычного слова в сознании носителя языка на материале русского и финского языков. – Ювяскюля: Университет Ювяскюля, 2002.
- Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 176 б.
- Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.
- Крысин Л.П. Русское слово, свое и чужое: исследования по русскому языку и социолингвистике. – Москва: Языки славянской культуры, 2004. – 888 с.
- Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер. / Құраст. Б. Әбілқасымов. – Алматы: Ғылым, 1993. – 232 б.
- Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка. – Москва: Азъ, 1994. – 907 с.
- Оңдасынов Н. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Мектеп, 1984. – Т. 1. – 256 б.
- Проценко Е. Современные исследования иноязычной и заимствованной лексики (обзор диссертационных исследований XXI века) // Вестник Воронежского государственного университета. Серия: Лингвистика и межкультурная коммуникация. – 2012. – №2.
- Рябоконь Н.А. Общая характеристика языковых индикаторов функций речевых актов позитивной и негативной реакции // Журнал: Актуальные вопросы современной науки. – №34. – 2014.
- Словарь русского языка в четырех томах. / Под редакцией А.П.Евгеньевой. – Москва: Русский язык, 1985. – 696 с.
- Социологический энциклопедический словарь на русском, английском, немецком, французском и чешском языках. / Редактор-координатор Г.В.Осипов. – Москва: Норма, 1998. – 608 с.
- Фахрутдинова М. Особенности процесса англизации современного русского языка. Современные исследования социальных проблем. – Т. 11. – 2019. – №5. – С. 247-254.
- Шабалин А. Средство кроссмедийной выразительности в мультимедийных проектах: экология языка в современных СМИ: дис. ... к.филол.н. – Барнаул: Алтайский государственный университет, 2024.
- Экономический словарь терминов.
https://gufo.me/dict/economics_terms/%D0%98%D0%9D%D0%94%D0%98%D0%9A%D0%90%D0%A2%D0%9E%D0%A0

References

- Bas mufti dini sozderdi qazaqsha qoldanu qazhettigin eske saldy (2025) «Ajqyn» gazeti. 25 aqpan. [The Chief Mufti Reminded of the Need to Use Religious Words in Kazakh. (2025) Aiqyn Newspaper, February 25.] (in Kazakh)
- Dosmuhameduly, H. (1991) Alaman. Almaty: Ana tili. 176 b. [Dosmukhameduly, Kh. (1991) Alaman. Almaty: Ana Tili. 176 p.] (in Kazakh)
- Fahrutdinova, M. (2019) Osobennosti processa anglizacii sovremennogo russkogo jazyka. Sovremennye issledovaniya

- socialnyh problem. Tom 11. No.5. S. 247-254. [Fakhrutdinova, M. (2019) Features of the Process of Anglicization of the Modern Russian Language. Modern Studies of Social Problems. Vol. 11. No.5. P. 247-254.] (in Russian)
- Jekonomicheskij slovar` terminov.
https://gufo.me/dict/economics_terms/%D0%98%D0%9D%D0%94%D0%98%D0%9A%D0%90%D0%A2%D0%9E%D0%A0 [Economic Dictionary of Terms.] (in Russian)
- Karasik, V.I. (2002) Jazykovoј krug: lichnost`, koncepty, diskurs. Volgograd: Peremena. 477 s. [Karasik, V. I. (2002) The Language Circle: Personality, Concepts, Discourse. Volgograd: Peremena. 477 p.] (in Russian)
- Krysin, L.P. (2004) Russkoe slovo: svojo i chuzhoe: issledovanija po russkomu jazyku i sociolingvistike. Moskva: Jazyki slavyanskoј kul` tury. 888 s. [Krysin, L.P. (2004) The Russian Word, One's Own and the Other's: Studies on the Russian Language and Sociolinguistics. Moscow: Languages of Slavic Culture. 888 p.] (in Russian)
- Ongdasynov, N. (1984) Arabsha-qazaqsha tusindirme sozdik. Almaty: Mektep. T. 1. 256 b. [Ondassynov, N. (1984) Arabic-Kazakh Explanatory Dictionary. Almaty: Mektep. Vol. 1. 256 p.] (in Kazakh)
- Ozhegov, S.I. (1994) Tolkovyj slovar` russkogo jazyka. Moskva: Az`. 907 s. [Ozhegov, S.I. (1994) Explanatory Dictionary of the Russian Language. Moscow: Az. 907 p.] (in Russian)
- Procenko, E. Sovremennye issledovania inozazychnoj i zaimstvovannoj leksiki (obzor dissertacionnyh issledovanij XXI veka). (2012) Vestnik Voronezhskogo gosudarstvennogo universiteta. Serija: Lingvistika i mezhkul`turnaja kommunikacija. No.2. [Protsenko, E. (2012) Modern Research on Foreign and Borrowed Vocabulary (Review of Dissertation Research of the 21st Century). Bulletin of Voronezh State University. Series: Linguistics and Intercultural Communication. No.2.] (in Russian)
- Qazaq tili zhonindegi revoliucijadan buryngy zertteuler (1993). Qurast. B. Abilqasymov. Almaty: Gylym. 232 b. [Pre-Revolutionary Research on the Kazakh Language (1993). Almaty: Gylym. 232 p.] (in Kazakh)
- Rjabokon, N.A. (2014) Obshhaja harakteristika jazykovyh indikatorov funkcionirovaniya rechevyh aktov pozitivnoj i negativnoj reakcii. Zhurnal: Aktualnye voprosy sovremennoj nauki. No.34. [Ryabokon, N.A. (2014) General Characteristics of Linguistic Indicators of the Functions of Speech Acts of Positive and Negative Reaction. Topical Issues of Modern Science. No.34.] (in Russian)
- Shabalin, A. (2024) Sredstvo krossmedijnoj vyrazitelnosti v multimedijnyh projektah: jekologija jazyka v sovremennyh SMI: Dis. ... K.Filol.N. Barnaul: Altajskij gosudarstvennyj universitet. [Shabalin, A. (2024) Means of Cross-Media Expressiveness in Multimedia Projects: Ecology of Language in Modern Media: Dissertation ... of Candidate of Philological Sciences. Barnaul: Altai State University.] (in Russian)
- Slovar` russkogo jazyka v chetyreh tomah. (1985) Pod redakciej A.P.Evgen`evoj. Moskva: Russkij jazyk. 696 s. [Dictionary of the Russian Language in Four Volumes. Edited by A. P. Yevgenyeva. Moscow: Russkiy Yazyk. 696 p.] (in Russian)
- Sociologicheskij jensiklopedicheskij slovar` na russkom, anglijskom, nemeckom, fransuzskom i cheshskom jazykah (1998). Redaktor-koordinators G.V.Osipov. Moskva: Norma. 608 s. [Sociological Encyclopedic Dictionary in Russian, English, German, French, and Czech (1998). Editor-Coordinator G.V. Osipov. Moscow: Norma. 608 p.] (in Russian)
- Vysochina, O. (2002) Ponimanie i adaptacija inozazychnogo slova v soznanii nositelja jazyka na materiale russkogo i finskogo jazykov. Jyvaskylia: Universitet Juvaskylja. 183 s. [Vysochina, O. (2002) Understanding and Adaptation of a Foreign Word in the Consciousness of a Native Speaker: On the Material of Russian and Finnish. Jyväskylä: University of Jyväskylä. 183 p.] (in Russian)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 11.07.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 20.09.2025.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 30.09.2025.

© Мамырбек Г.М., Тұрғынбаева Ж.Д., Искалиева А.Т., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025

